



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2. Мұхаммад Мутиғ аль-Хафиз. Дамаск ғұламаларының тарихы (تاريخ علماء دمشق). – Дамаск: Дәр аль-фикр аль-муғасир, 1986, 537 б.
3. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. - Ташкент: «Камалак», 1994, 911 б.
4. http://www.madenimura.kz/kk/culture-legacy/region/almaty_oblast/memorial/tamgaly
5. Ахмад Мухтар аль-Ибади. Мысыр мен Шамда алғашқы Мәмлүк мемлекетінің құрылуы (قيام دولة المماليك الأولى في مصر والشام). – Бейрут: Дәр аль-Нахда, 1986, 241 б.
6. Гибб Г.А.Р. Арабская литература (перевод с английского А.Б. Халидов). – М.: ИВЛ, 1980, 186 б.

ӘОЖ 355.4 (520:574)

САМУРАЙЛАР МЕН СЕРІЛЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Мұртбаев Әсет Қайратұлы

aset_mkg@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің
шығыстану мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Ж. Абжаппарова

Гибраттардан бастап Жапон аралдарына дейінгі кең байтақ кеңістіктегі еуразиялық қоғамдарында қалыптасқан әскери таптардың (түркі-моңғолдардың батырлары, арабтардың фаристері, адыгтердің уорктері, үнділіктердің раджуп және еуропалықтардың серілері) істерімен байланысты туындаған эпостық, тарихи еңбектерді қарастыратын болсақ, самурайлар табымен көптеген ұқсастықтар мен ортақ сипаттарды таба аламыз.

Әсіресе біздің теледидар және кино заманымызда самурайларды ұқсатып салыстыруға ойға бірінші келетін әскери сословие - серілер болып табылады.

Еуропалық рыцарьмен салыстырғанда самурай өзінің өзіндік экономикалық ұстанымы, өзгеше этикалық ілімі бусидо және діни көзқарастарымен ерекшеленді. Басқа жақтарын айтсақ батыс еуропалық жауынгерлікпен ұқсас ортақ белгілерге ие. Самурайлар еуропалық рыцарьлар тәрізді өз ақсүйектік үйден шыққан таңбалары бар, рыцарьлік кодесі мен қоғамда айрықша орын алып отырды. Қожайынға деген адалдық пен әскери істі өзінің басты міндеті деп санады [1].

Ортағасыр кезеңін ғалымдар мен тарихшылар әдетте V ғ. басы мен XVI ғ. аяғы деп белгілейді. Демек орта ғасырлар адамзат тарихында 1000 жылдан астам уақытты алады. Бұл тарихи дәуір біздің ой-санамызда “қараңғылық кезеңі” деген түсініктермен тығыз байланысып қалыптасқан. Ол қоғамдағы саяси және экономикалық өзгерістер мен ішкі өзара соғыстар, құл иеленушілік кезеңнің феодалдық құрылысқа ауысуы мен қатар басқа қоғам өміріне орасан әсерін тигізген тарихи құбылыстарға толы ауыр заман ретінде қарастырылады.

Самурайлар мен серілер – бұл екі түсінікті біз бұрыннан көптеген алуан-түрлі әдеби, тарихи шығармалармен танысу барысында кездестіргендіктен, ол жайлы хабарларымыз бар. Бәрінен бұрын айтылып кететіні, осы екі ортағасырлық қоғамның таптары біздің санамызда адамгершілік, батылдық, қаһармандық, адалдық сияқты өнегелік идеалдарды елестетеді

Серілер мен самурайлар уақыты өткенімен де, біздің жаңа технологиялыр мен озық, прогрессивті ойлау заманымызда да серілік этика мен самурайлардың абыройлық кодексі өздерінің өзектілігін жоғалтқан емес. Олардың жоғарғы мұраттары мен көзқарастары бүгінгі күнде де істердің дұрыстылығының өлшемдік үлгісі болып табылады.

Екі түсінікті салыстыра отырып біз Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азияның тарихына тереңірек қарап, самурайлар мен серілердің идеологиясын түсінуге тырысуымыз керек.

Сөздердің этимологиясына берілетін болсақ, серілер табы жалпыеуропалық игілік әр халықта өз мағынасына ие болды. Мысалы орыстар текті еуропалық жауынгерді “рыцарь”

сөзімен атаған. Ол сөз негізін неміс тіліндегі “ritter” – яғни атты жауынгер түсінігінен шыққан. Ал латын халықтары бұл тап өкілдерін “miles” (аудармада әскери адам) деп айтса. Ежелгі ағылшын тілінде “knight”[2,3] ер деген мағына береді. Біз болса бұл түсінікті жұмыс барысында ары қарай қазақтың сөзімен сері деп атай береміз.

Ортағасырда Карл Мартелл әулетінің қызметінде болған барлық жауынгерлерді сері деп атаған. Мартелл Каролингтер әулетінен шыққан әскери реформатор әрі Еуропаны арабтардан азат етуші ретінде тарихта белгілі тұлға [4,5]. Ол сері сөзіне қосымша мағына берді. Оның билігі кезінде сері деп ақсүйектен шыққан, арнай соғысқа үйретілген аты мен қару-жарағы бар жауынгерлерді ғана атай бастады. Бұл сөз жүзінде. Негізінде Карл әскери қызметке түскендердің тегі емес, олардың батылдығына назар аударған болатын. Оның әскерінің таңдаулы бөлімшелеріне “caballarius” немес атты жауынгерлерінің қатарына төменгі таптыңда да ерлік көрсеткен өкілдері де сері атағын алып кірген.

Ұлы Карл – Карл Мартеллдің немересі кезінде латынның сөзі miles атақ лауазым дәрежесін алды. Ол бөлек қоғамдық тап ретінде қалыптасты. Енді сері тек қана текті ақсүйектен шығуға тиісті болды. Алғашында сері ақсүйек дүниесінен өкілі, және оның көзқарастары христиан шіркеуінің көзқарастарынан айрықша болды. Бірақ уақыт өтуімен шіркеу өз ықпалын күшейтіп, серілердің идеологиясын да әсер етті.

Серілер дәрежесі бойынша әр текті болды. Олардың ішіне король мен герцогтардан (Батыс Еуропада — жоғарғы дәрежелі дворяндық атақ) бастап кедейленіп ел кешіп жүрген серілер де кірді. Соңғылардың саны XII ғ. бастап қатты артты. Дегенімен серілік қоғамдық жүйеде артықшылықтарға ие тап болды.

Самурай түсінігі ежелгі жапон тілінің “сабуру” яғни қожайынға қызмет ету, оны қорғау деген сөзінен шықты. Жоғарыда айтылғандай самурай дайменнің қызметінде болып, оның мүдделерін қорғап, сақшы қызметін атқарған.

Екі тапты таптың пайда болу тарихына назар салсақ, серілердің пайда болу уақыты жайлы ғылыми ортада ортақ пікір жоқтығына тап боламыз. Кейбірлері серілер VII ғ. бірінші крест жорықтары кезінде пайда болды десе. Басқалары Карл Мартелл билігі кезеңіне жатқызады. Ең кең тараған көзқарас – серілер әскери тап ретінде фарнк мемлекетінің VII ғ, қалануы кезінде, әскери реформалар нәтижесінде жаяу әскерден атты әскерге өту барысында пайд болды делінеді.

Серілерді жоғары игілікті іс атқарушылары ретінде қалыптасуы X-XII ғ. Еуропадағы қоғамдық жағдай да себепкер болды. Тарих беттерінде ол бүліншілік кезең “қараңғылық пен жабайылардың шапқыншылығының үш ғасыры “ деп қалды. Нормандар атты варварлардың Еуропада басып кіруі, өлім мен аласапыран алып келді.

Ертеректе Ұлы Карлмен қалаған Үлкен Империядан дым қалмай, сіреңке үй сияқты құлдырады. Текті герцогтар мен графтар өзіне көбірек жер тартып алуға тырысты. Әркім өз білгенің істеп, тап арасындағы қашықтық өсіп. Дүние мықтыларының әлсіздерді қанауы кең өріс алды. Көбінде атасыз қалған балалар мен әйелдер тонаушылық пен зорлық-зомбылыққа ұшырады. Осының бәріне ыза болған топтардан құрылған жасақтар әлсіздердің, қаналғандарың құқықтарын қорғаушылары ретінде қарастырылды. Осындай іс халық арасынан ризашылық сезімін тудырып, жұрт санасында серілер батыл әрі әділ қорғаушы жауынгерлер болды. Шіркеу де әлсізге болысқан жауынгерлерді дін қорғаушылары деп қарастырып, қасиетті әскер ретінде қолдады. Осыдан бастап сері атағын беру серіліктің айырылмас бөлігіне айналды. Рәсімнен өткен жауынгер құдайдың құдіретті күшіне иелентін. Ал оның ісі қасиетті сипат алды. Бұл жауынгерді батыл, кішіпейіл және тек жақсы әрекет істеуіне түрткі болды. Шіркеудің және қоғамдық пікірінң ықпалымен серілердің әдет ұстанымдары мен эстетикалық идеалдары қалыптасты. Серілердің өзіндік абыройлықтың кодексі пайда болды.

Енді самурайлар туралы айтсақ, жоғарыда айтылған самурайлар табының өмірге келуінің алдындағы болған оқиғалардың мәні жоғары. VI ғ. бір-бірімен таласқан Накатоми және Сумэраги ақсүйек үйлерінің соғысы нәтижесінде 36 император Котоку билікке келді. Бұл оқиға “Тайка төңкерісі” деп аталды [6]. Император жақын адамдарына жерді қарамаққа

таратып, салық алып отырды. Жер иелеген ақсүйектер жермен қоса өз қолына түскен шаруаларды салықпен, ауыр жұмыспен қанады. Әрине бұның бәрі шаруалардың наразылығын тудырды. Оны білдірудің бір амалы қашып кету болды. Олар солтүстікке жылжып, бос жерлерде қоныс құрды. Кейбірлері босқын адам болды. Солтүстік аймақтағы поместье иелері жиі айнадрмен, басқа феодалдармен жер үшін және де бас көтерген шаруалармен қақтығысып отырды. Осыған байланысты босқын шаруалардың өздерін қорғау үшін жалдап отырды. Буси атты қарулы тап қалыптасты.

Айтылғандай Х ғ. Жапонияда ірі саяси өзгерістер өтіп, көптеген аймақтарда сепаратизм орын алады. Саяси бытыраңқылық орын алып, жергілікті ірі феодалдар күшейюімен байланысты, ұсақ феодалдар жойылып. Өз қожайынына қызметші болып түседі. Жер иеленуші ақсүйектер әскери жасақ құруға мәжбүр болады.

Егер де екі таптың да қалыптасу тарихын қорытындыласақ қарасақ, көп айрмашылық байқалмайтының көре аламыз. Екі тап ұзақ даму уақыт шеңберіп қамтып, құрметті, артықшылыққа ие топқа айналады. Оны ақтау үшін серілер мен самурайлар арнайы кодексті ұстанды.

Еуропада да, Жапония да қуатты жаудың шапқыншылығын өтіп шықты. Бірінші жерде нормандар, екіншісінде моңғолдар.

Ішкі соғыс пен жер үшін талас-тартыстар мен қоса патшалардың шынайы биліктен айырылуы орын алды. Жапонияда патша тек қана “жердегі құдайдың уәкілі” ал еуропада “ұлт бірлігінің белгісі” болды.

Екі жағдайда да қоғамдық күйзеліс нәтижесінде күрделі қоғамдық иерархия пайда болды. Еуропада билік ірі феодалдық топтардың қолына түссе. Жапонияда ең ірі феодал билікті өзінің қолында ұстай алды. Еуропада да Жапония да да билікке иеленген графтар мен герцогтар, даймелер мен байсиндер бір-бірімен жер үшін таласып, соғыс жүргізіп отырды. Байлық жер көлемімен есептелді.

Ары қарай да да көптеген ортақ ұқсастықтарды таба беруге болады. Біздің ойымызда бір ғана сұрақ туындауы мүмкін, неліктен соншалықты әр-түрлі көрінетін мемелекеттерде бірі-біріне ұқсайтын құбылыстар орны алады? Біріншіден тарихи заңдылық. Әр мелекет, ел, әр аймақ өзінің циклінен өтеді: пайда болуы, қалыптасуы, даумы мен құлдырауы. Әлдемдік тарих бұл заңдылықты көрнекі түрде дәлелдеп, бұл циклдың абстрактті теория емес екендігіне көз жеткізді. Бұл адам қоғамындағы шынайы құбылыс.

Ендігі кезекте самурайлар мен серілердің абыройлық кодекстерін қарастырып көрейік. Олар ек тап үшін маңызды рөл атқарды. Кодекс тек қана басқа адамдардың көзінде оларды жоғарлатып қана емес, жауынгерлердің өзінің ішкі ұстанымдарына да үлкен әсер етті.

Самурайлардың этикалық кодексі – Бусидо. Яғни буси - жауынгердің жолы. Бусидоның қалыптасуындағы буддизм мен сионтизмнің, конфуций мен Мэн-цзыдің ілімдерінің әсері қатты байқалады. Бусидоның басты ерекшелігі ол самурайдың “әрдайым, күні-түні, таңертенне кешке дейін жауынгер өзінің борышын орындауы қажеттілігі, және уақыты келгенде өмірінен айырылуға міндетті екендігін ойда ұстап жүруі” [7].

Осындай ұстаным жауынгердің сараңданбай, өлім мен өмірге деген жайбарақат түрде қарауына себеп болды. Көбінде шығыс философиясында ада өмірі жалпы болмыстың бір кішкентай ғана бөлігі ретінде қарастырды. Ал самурайдың санасында оның өмірі ағын судың ішіндегі бір тамшы су болып көрінлі. Адам бұл әлемге келіп, тыныш қана кетеді. Өйткені өмір өткінішті, ол таңғы шық, қырау тәрізді, әсіресе самурай үшін.

Ендеше сері туралы айтсақ, христиан ілімі бойынша адамның басты мақсаты, басқа адамға жақсылық жасау, әділ болу болғандықтан, әлсіздер мен қаналғандарды қорғау бастапқы кезеңде серінің маңызды мүддесі болды. Серілер самурайлар тәрізді терең ойға батқан жоқ. Самурай өз сюзереніне адал еңбек етсе, сері көбінесе өзінің ғашық болған нақсүйеріне, қожайынына, әлде христиан дініне өзінің ерліктерін арнаған. Даймеге қызмет еткен самурай өз өмірінің өзіне ғана бағынышты деп санамады. Ол өз өмірінен бас тартады. Ал сері кодексден алшақтамай, қызмет етуге ант бергендерге адалдық сақтағанымен, өз білгенін істей алды. Яғни самурай үшін қожайын сөзі заң болса, сері жиі өз бастамасына ғана

бағынды.

Тәрбиеге келсек, болашақ самурай кодекс бойынша өмір сүрді. Самурайлардың көбісі жоғарғы шенді жұмыс атқарып, саудагерлер, қолөнершілер мен шаруалардан тұратын қоғамды басқаратындықтан, өмірде болатын құбылыстардың себептерің түсіну үшін жақсы білім алуға міндетті болды. Олар даналық кітаптары бойынша білім алып, оқу мен жазуды жетік меңгерді. Жастайынан оқ ату, сайысу, ат шабу сияқты әскери істерге көп көңіл бөлді. Самурайды тәрбиелеу отбасы ішінде өтті. Яғни бала оқу барысында ата-анасынан айырлмайтын. Оған қарамастан, ата-анасы көп сезім көрсете бермейтін. Ортағасырлық Жапонияда сезімді ашық көрсету, шыдамсыздықтың, әлсіздіктің және де дөрекі мәдениетсіздіктің белгісі болды. Серілердің жағдайы осыған қарама-қарсы болды. Жас аксүйектің балалары туысқан немесе достық қарым-қатынаста тұратын батыл серілердің үйіне ұзақ уақытқа жіберетін. Ол паж қызметің атқарып, өз ұстаздарының артына еріп, аулауда, жол кешуде көмек көрсетіп, хат жеткізу сияқты ұсақ жұмыс атқарды. Осындай амал арқылы келешектегі сері, бағыну мен бұйрық беруді үйренді. Паж қызметінде болу кезінде, ол діни білім алды. Кейін паж қызметінен, атқосшы, қару тасушы қызметіне өтіп, рыцарлық сайыс кезінде өз патронына көмек көрсетті. Яғни жаңа қару беріп, тұруына, сауыт-киюіне көмектесті. Сайыс барысында бұнын бәрі қауіпті болды. Сондықтан ерлік көрсеткен қару-тасушы жиі сері атағына иеленіп отырды.

Байқағанымыздай серілер самурай тәрізді арнайы жүйелі түрде гуманитарлы білім алған жоқ. Оларды оқытудың басты тірегі болып күш қолдануды талап ететін жағдайларға бейімделу болды.

Еуропада христиандықтың тарауымен байланысты әйелдің статусының жоғарлауы орын алды. Христиандық “әйел адамды құлдан өмір серігіне ” айналдырды. Герман халықтарында әйел ерекше, ер адамнан жоғары жаратылыстың бейнесі болып қарастырылды. Сондықтан әйел адам серілер арасында сүйспеншеліктің объектісі ретінде қалыптасты. Әйелге деген хайуандық құштарлық қайрымды маһаббат пен әділдікке ауысты. Әдетте сері өзінің сүйген әйеліне арнап ерлік істеген, оның назарын аударту үшін әрдайым болып жатқан әділсіздікті шешу үшін ізденді. Серілік кодекстің бөлімінде әйелге ауыр сөз тигізбеу, және басқаларға да бұған ерік бермеу керек деп айтылады. Самурайлық қоғамдағы әйелге де құрметпен қарайтын. Бірақ бұндағы өзіндік ерекшеліктер болды. Әйел өз күйеуіне бағынуға міндетті болды. Әйелден рұқсат сұралынбайтын. Бусидо кодексі бойынша самурай әйелін сыйлау керек . Егер де өз әйелінің істегеніне қарсы болса, оған дәлел келтіріп иландыру керек. Әйел көнбей, самурайдың абыройына дақ келтіретін болса онымен ажырасып, ата-анасының үйіне қайтарып жіберуге рұқсат болды. Нағыз самурай үшін әйелмен мағанасыз дауласу тыйым салынып, оған деген мейірімді жауап қайтару игі болды. Самурай үшін әйел адамға, немесе әлсізге ауыр сөз айту мен қорқыту әділетсіз болып есептелді. Мүндай қылық қорқақтықтың белгісі болды. Бусидо бойынша жүрексіздік ең абыройсыз қасиет делінді. Осындай самурайлар мен серілердің арасындағы айырмашалықтарына қарамастан екеуі де абырой мен қадір-қасиетін сақтап, қызмет еткендеріне адал болды. Екі түрлі діл кейбір заттарға деген қарым-қатнасын айырсада, самурайлар мен серілер әрқашан да өз ерлігі мен ержүректілігін көрсетуге тырысты. Жоғарғы тап өкілдері бола отырып, өздерінің мәртебелерің сақтайтын серілер кодесі мен бусидо-ны өздерінің күнделікті өмірінің айырылмас бөлігі деп таныды.

Қолданылған әдебиет:

1. Клири Т. Кодекс самурая. Ростов-на-Дону: Феникс, 2001. - 224 с.
2. Online Etymology Dictionary. Retrieved 2009-04-07.
3. "Knecht". LEO German-English dictionary. Retrieved 2009-04-07.
4. Западноевропейское рыцарство XII - XV вв. в евразийском историко-культурном контексте: этика противоборства :Опыт сравнительно-исторического исследования
5. Лебек С. Происхождение франков. V—IX века / Перевод В. Павлова. — М.:

Скарабей, 1993. — Т. 1. — 352 с. — (Новая история средневековой Франции). — 50 000 экз. — ISBN 5-86507-001-0. Западноевропейское рыцарство XII - XV вв. в евразийском историко-культурном контексте: этика противоборства : Опыт сравнительно-исторического исследования

6. Игнатович А. Н. Буддизм в Японии: Очерк ранней истории. М.: Наука, 1987.

7. Кодекс бусидо. Хагакурэ. Сокрытое в листве / пер. А. Боченкова, В. Горбатько. М.: Изд-во Эксмо, 2004. - 432 с.

ӘОЖ 338.1(531) «1981/2001»

ЕГИПЕТ АРАБ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (1981-2001 жж.)

Мырзаханова Амина Кемаловна

super.amina76@yandex.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,

«6М020900 - Шығыстану» мамандығының 1 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Ж. Абжаппарова

XX ғ Египет бірнеше ірі әрі маңызды тарихи кезеңдердерді басынан кешірді. Бұл кезеңдерде идеологиялық басымдылықтар, Египет билігінің ұстанған сыртқы және ішкі саяси бағыттары мен қатар ел экономикасы да өзгеріп отырды. Хосни Мубарак билік құрған дәуірді қарастырғанда, ол дәуір Египет тарихындағы тәуелсіздік жылдарының терең түптерінде жатқандығына ерекше мән беру қажет[1]. Бұл кезең саяси шешімдердің сан-алуандығымен қарама-қайшылығымен ерекшеленді, елді экономикалық және мәдени дамытудағы Египет билігінің жасаған жұмыстары қарама-қарсы бағытта болды. Хосни Мубарак билікке келгенде, өзінің алдында ел басқарған Гамаль Абдель Насер (1956-1970 жж) мен Анвар Садаттың (1970-1981жж) Египетті дамытуда қол жеткізген көптеген жетістіктері мен жіберген кемшіліктерін өзіне мұра етті.

Анвар Садатты қоғамның жоғары және орта топ өкілдерінің қолдауы өте зор болды. Оның жеке тұлғасының әсерлігі, халықты ырқына ертушілігінің күштілі соншалық, бір қолының ишаратымен миллиондаған адамдарды көшеге шығуға мәжбүрлей алатын. Хосни Мубарак халықтың мұндай жаппай қолдауына ие бола алмады. Дегенмен, 70-жылдары Мубарактың ішкі әскери қызметтегі мінсіз қызметі мен тамаша мансабының арқасында әскери ортада атағы зор болды. 1981жылдың қазан айына таман Хосни Мубарак ел ішінде жеткілікті дәрежеде белгілі болды және ел құрметіне ие болды. Сол кездері «Таймс» газетінің корреспонденттері жасырын сауалнама жүргізу арқылы жаңа президенттің портретін жасады. Адамдар Хосни Мубаракты қарапайымдылық, еңбекке зор қабілеттілік, ұқыптылық, батылдық, еңбексүйгіштік, өзінің оппоненттеріне құрметпен қарау, елдің ішкі мәселері мен қоғамдық пікірге қамқорлық таныту сияқты қадыр-қасиеттермен байланыстырады[2]. Оның осы айтылған қадыр-қасиеттерді әскери және азаматтық қызметтерде өзінің отандастарының алдында көрсетіп қалуға мүмкіндігі болды.

Сондай-ақ Хосни Мубарак Батыс Еуропамен қақтығыста болған араб әлемінің көрші елдерімен жақсы қарым-қатынас орнатуға тырысты және Египеттің халықаралық аренадағы беделі жайлы да ұмытпады. Хосни Мубарак билігі кезінде елдің ұстанған позициясы айтарлықтай жақсарды.

Египет Израильмен бейбіт келісімге 1979 жылы қол қойғаннан кейін Араб елдері Лигасы мүшелігінен шығарылған болатын, ал 1989 жылы сол Араб елдері Лигасына мүшелікке қайтадан қабылданды.

Осылайша 80-жылдардың соңында Хосни Мубарак елді аймақтық оқшауланудан алып шықты [3].